



Автор: Бактыбековна Балжібек Бактыбековна

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Саяхат

Тақырып: Бәйтерек- өмір ағашы

Бәйтерек -өмір ағашы	Бәйтерек монументі туралы, Астана туралы біледі, аңызбен танысады. Астанадағы монумент неліктен Бәйтерек деп аталатыны туралы өз бетімен болжам жасай алады. Монументтің не екенін түсінеді Тірек сөз. *Монумент-ұлы тұлғаларды белгілі қайраткерлерді немесе елеулі тарихи оқиғаларды есте қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды *Бәйтерек –Астана қаласындағы көрнекті жерлердің бірі *.Бұл монумент ертедегі ата-бабамызды дүниені қалай түсінгенін көрсетеді. *Ғимараттың авторы –әйгілі ағылшын сәулетшісі Норман Фостер.Монумент *Биіктігі-97 м
----------------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Бәйтерек -өмір ағашы (13.03.2019)	Ширату Ұж: «Көңілді ән» (психологиялық ахуал қалыптастыру) Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз! ҰЖ «Ойнайық та, ойлайық» әдісі (Оқушылардың зейінін шоғырландыру арқылы жаңа тақырыппен байланыстыру) Сұрақтар: Алтын адам қай қалада табылды? Киімінің қандай ерекшеліктері бар? Аңыз бойынша алтын адам кім болған? Қазіргі кезде Қазақстанның қандай ескерткіштерін білесіңдер? Ынталандыру: Жарайсың! Тамаша! Жақсы! Бәйтерек монументі туралы біледі Ұж: «Ботамен бірге саяхаттайық» әдісі (жаңа сабаққа кіріспе) Нұсқау: Көзімізді жұмамыз. Ұшақ командирінің нұсқауын тыңдаймыз. (Астана қаласы туралы аудиожазба тыңдаймыз) Тапсырма: Аудиожазба не туралы айтты? Бізге не таныс? Сабақ мақсатын хабарлау: -Бәйтерек монументі туралы біледі Монумент-ұлы тұлғаларды белгілі қайраткерлерді немесе елеулі тарихи оқиғаларды есте қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды	